

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев Университеті

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Рахимова Ләйлә Азаматқызы

« Қызылорда қаласындағы аудандық аурухана »

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

АНДАТПА

Тақырыбы «Қызылорда қаласындағы аудандық аураhana» дипломдық жұмысына.

Дипломдық жоба сызбалар мен негізгі бес бөлімнен тұрады:

- сәулеттік – құрылыстық бөлімі;
- есептік конструктивтік бөлімі;
- құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі;
- құрылыс экономикалық бөлімі;
- тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі.

Жұмыс көлемі 63 бет, 10 кесте, 8 суреттер мен 12 қосымшадан тұрады, пайдаланған әдебиеттер тізімі – 21.

Жобаның сметалық құны – 64 117 710 мың теңге, құрылыс ұзақтығы – 4.5 ай

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы "Районная больница г. Кызылорда".

Дипломный проект состоит из пяти основных разделов и чертежей:

- архитектурно-строительный отдел;
- расчетная конструктивная часть;
- отдел технологии и организации строительного производства;
- строительно-экономический отдел;
- отдел безопасности и охраны труда.

Объем работ составляет 63 страницы, 10 таблиц, 8 рисунков и 12 приложений, список использованной литературы – 21.

Сметная стоимость проекта – 64 117 710 тыс. тенге, продолжительность строительства-4.5 месяцев

ABSTRACT

The theme of the thesis "District hospital of Kyzylorda".

The diploma project consists of five main sections and drawings:

- architecture and construction department;
- design part;
- department of technology and organization of construction production;
- construction and economic department;
- department of safety and labor protection.

The volume of work is 63 pages, 10 tables, 8 figures and 12 applications, references – 21.

The estimated cost of the project – 64 117 710 thousand tenge, the duration of construction-4.5 months

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1. Сәулет-құрылыс бөлімі	8
1.1 Құрылыс аумағының сипаттамасы	8
1.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдері	8
1.3 Сәулеттік-конструктивтік шешімдер	8
1.3.1 Құрылыс объектісінің конструктивтік сипаттамалары	8
1.4 Жабын конструкцияларының есебі	9
2. Есептік конструктивтік шешімдер	14
2.1 Есептік схема және жүктемелер	14
2.2 Ұстын конструкциясының жобасы және есебі	18
2.3 Арқалық конструкциясының жобасы және есебі	22
2.4 Арқалықтың беріктікке есебі	24
3. Құрылыс өндірісінің технологиясы	28
3.1 Ғимараттың жер асты бөлімін тұрғызу	28
3.2 Ғимарат іргетасын есептеу	28
3.3 Жер жұмыстары	29
3.4 Жер жұмыстарын жүргізу үшін машиналар жиынтығын таңдау	31
3.5 Қауіпті аймақ радиусын анықтау	36
4. Құрылыс экономикалық бөлімі	39
5. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	41
ҚОРЫТЫНДЫ	43
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	44
ҚОСЫМШАЛАР	46

КІРІСПЕ

Құрылыс ежелден келе жатқан адамзаттың көне, әрі жетекші саласы болып табылады. Ғасырлар ауысса да ол жаңа заманмен бірге дамып жетілуде. Ежелден адамдар үңгірлері болмаса, бас сауғалайтын жері болмағандықтан баспана жасап күн көрді. Кейінірек құрылысқа шығармашылық көзқараспен қарай бастады. Оған біз білетін, техниканың көмегінсіз салынған Мысырдағы пирамидалар дәлел бола алады.

Қазіргі заман құрылысы бұрынғы жылдармен салыстырғанда көптеген өзгерістерді қамтиды. Мемлекеттің экономикасы мен болашақта қандай дәрежеде болуы да құрылыс саласына байланысты. Құрылыс – ғимараттар мен құрылыстарды салу, сондай-ақ реконструкциялау, қалпына келтіру және жаңарту жұмыстары, объектіні жасау, өзгерту немесе бұзу, көптеген жұмыстардың өндірісі туралы құзіретті органдармен өзара іс-қимылмен байланысты барлық ұйымдық, зерттеу, жобалау, монтаждау, іске қосу жұмыстарын қамтитын үлкен сала. Ғимараттың ішкі құрылымымен, қолданыстағы инженерлік-технологиялық жүйелермен және заңмен қарастырылған құжаттамалармен толық жиынтығы құрылыспен байланысты болып, оның таза нәтижесін береді.

Құрылыс жұмысын өндіру жобасында көптеген қолданылатын тәсілдердің технологиялық реті, механикаландыру, жұмысшылар мен звенолар бригадасының құрамы, еңбек қорғау, қауіпсіздікті сақтау, жасалған жұмыстың санын ғана емес, сапасын бақылау ережелері көрсетіледі.

Қазіргі кезде салынып және қайта жаңартылып жатқан барлық құрылыс жобалары мен көптеген жаңа жетістіктерге арқа сүйеніп тұрғызылған, пайдалануға берілгенге дейінгі тұрғын үйлер, қоғамдық немесе басқа да үймереттер мен ғимараттар озық қолжетімді техникалармен қаруланған, ХХІ ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар заманының талабына, әлемдік стандартқа сай болуы керек. Құрылыс және онымен байланысты барлық жинақтау, салу жұмыстары сапалы, әрі қысқа мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Себебі, еліміздің қарқынды дамуына жоғарыда айтып кеткендей құрылыс саласының тікелей қатысы бар, басқа салалармен салыстырғанда оның үлесі зор, экономиканың негізгі діңгегі. Бұл саланы алға қарай жылжытуда біздің енді оқуын біт деп жатқан құрылысшылардың қазіргі заманға сай білікті, білімді, іскер, қабілетті болу шарт, себебі бұл саланың экономикалық-әлеуметтік деңгейінің артуына, демек еліміздің қарқынды дамуына көмектеседі. Бүгінде еліміздің бар-лық аймақтарында бой түзеп келе жатқан, бой түзеген көптеген ғимараттар мен үймереттер, өндіріс кәсіпорындары, барлық салынып бітіп, қолданысқа берілген құрылыс нысандарында – бәрінде еңбекқор құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр.

Тәуелсіз еліміздің алғашқы елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жолдауымен елімізде атқарылып жатқан «100 мектеп және 100 аурухана» бағдарламасына сүйеніп жазылған дипломдық жобаның тақырыбы да мемлекетіміздің дамуына үлес қосып, басшымыздың жолдаған бағдарламасын қолдау мақсатында таңдалып жасалды.

1. Сәулет-құрылыс бөлімі

1.1 Құрылыс аумағының сипаттамасы

Құрылыс алаңы Қызылорда қаласының, Гагарина және Ал-Фараби көшелерінің қиылысында орналасады.

Құрылыс салынатын аймақта қар салмағы – 0,8 кПа (кгс/м²) [1];

Желдің қысымы – 0.38 кПа (III) [8];

Салынайын деп жатқан ғимараттың өртке қарсылық дәрежесі – II [2].

Қызылорда қаласында орналасқан құрылыс пунктiнiң ауа-райы мәліметтері 1-кестеде көрсетілген [3]. Объект IVA климаттық ауданда орналасқан [А қосымшасын қараңыз].

Кесте 1.1 – Құрылыс пунктiнiң ауа-райы мәліметтері

Сыртқы ауаның есептік температурасы, °C					Ең суық айдағы орташа температура (қаңтар)	Ең жылы айдағы орташа температура (шілде)	
Абсолюттік минималдық температура, °C	Ең суық бес күндікі		Ең суық тәулік				Абсолюттік максималдық температура, °C
	0,98	0,92	0,98	0,92			
-38	-34	-30	-26	-24	46	-10-нан +2-ге дейін	+28 және жоғары

1.2. Көлемдік-жоспарлық шешімдері

Жоспар бойынша тұрғызылатын ғимарат 3 қабатты, өлшемдері 19,46×20,9м болатын төртбұрыш формасында қабылданды. Ғимарат қабатының биіктігі 3,9м, жертөле биіктігі -3,1 м, ғимараттың жалпы биіктігі 14,508 м болады. Объектінің сыртқы қабырғасының қалыңдығы – 400 мм, ал ішкі қабырғасы 200 мм, бірнеше бөлмелерге бөлетін ішкі қабырғалар қалыңдығы – 120 мм тең.

1.3 Сәулеттік-конструктивтік шешімдер

1.3.1 Құрылыс объектісінің конструктивтік сипаттамалары

Жабындар деп ғимараттың ішкі кеңістігін қабаттарға бөлетін конструкцияларды атайды. Жабындар қабаттарды жіне онда орналасқан бөлмелерді жоғарыдан және төменнен шектейді, сонымен бірге өзіне меншікті салмақтан басқа, ғимаратта табылатын пайдалы жүктеуді, яғни адамдардың,

жабдықтардың және заттардың салмақтарын көтеруші конструкциялары болып табылады.

Объектінің сәулеттік-конструктивтік шешімдері нормалардың талаптарын ескере отырып қабылданады.

Оның қаңқасы темірбетоннан жасалады:

- Бетон класы В25 болатын орталық және шеткі ұстындар, сәйкесінше 40х40 см;

- Бетон класы В25, қимасы төртбұрышты болатын шеткі және ортаңғы арқалықтар өлшемі - 30х40 см;

- Жинақтауыш темірбетонды іргетас В30 классты бетоннан, қалыңдығы 300 мм салынады;

- Жабын конструкциясының қалыңдығы 220 мм, темірбетон үсті түзегіш цементті-құмды сылақ қалыңдығы 20 мм, сылақ үстінен бу оқшаулағыш қабат карақағаз және жылу оқшаулағыш қабаттары да төселген;

- Терезелер мен витражды есіктер алюминий материалынан, ал терезе су ағары алюминий қаңылтырдан, өлшемдері жеке тапсырыспен жасалған.

- Аралық қабырғалар қалыңдығы – 120 мм; 200 мм;

- Аражабындар дыбыс, жылу, қаттылық және беріктік биіктіктің талаптарына сәйкес келіп, -3.100 бен 0.000 белгілерінде 200 мм, одан жоғарғы қабаттарында да осы қалыңдыққа ие;

- Баспалдақ (саты) темірбетонды, керамагранитпен капталған болып салынады;

- Есік өлшемдері стандартты нормалар МЕСТ 6629-88 бойынша тағайындалды. Объектте бір ашпалы есіктер 800х2000 мм және 900х2000 мм өлшемді қамтыса, ал екі ашпалы есіктерге 2200х2000 мм өлшемдері тағайындалған. Барлық есіктер саңылаулы және күшейтілген бюоп келеді, төтенше жағдайға сәйкес, эвакуацианы қамтамасыз етуге қолайлы қойылған. Ішкі есіктердің сыртқы есіктердегідей табалдырығы жоқ;

- Ғимараттар едендері түгелдей керамогранитті тақтайшамен жабылған.

1.4 Жабын конструкцияларының есебі

Ғимараттың қоршауын жылу сақтағыш талаптарға сәйкес есептеледі, себебі бұл жылу сақтағыш есептердің негізгі мақсаты сыртқы қабырғаның қалыңдығын анықтау болып саналады, ал оны есептеу барысында құрылыс материалдарының және олардың стандартты мәндерін сақтау жылу техникалық сипаттамаларды ескеру міндет.

Ішкі әрлеу (штукатурка)	20мм
Газобетон "ИНСИ-БЛОКИ"	270мм
Штукатурка	20мм
Жылытқыш	50мм
Сыртқы декоративті цементті құм	30мм

Сурет - 1. Сыртқы қабырға қабаттары.

Кесте 1.3 – Қоршау конструкциясының қабат сипаттамалары

Сыртқы қабырға қабаттарының атауы	Тығыздығы $\gamma, \left[\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}\right]$	Қабат қалыңдығы $\delta, [\text{м}]$	Жылу өткізгіш коэффициенті $\lambda, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м} \times ^\circ\text{C}}\right]$	Жылу сіңіру коэффициенті $s, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}\right]$
Декоративті цементті құм	1800	0,03	1,2	9,6
Газобетон «ИНСИ-блоки»	1000	0,27	0,29	6,13
Жылытқыш	1800	0,05	1,2	9,6
Штукатурка	1600	0,04	0,7	8,69

Ескерту! Кестедегі мәліметтер ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 «Құрылыс жылу техникасы»-ның 3-қосымшасынан алынды [4].

Қабырғаның жылу беру кедергісі [4]:

$$R_0^{\text{mp}} = \frac{n \times (t_b - t_H^5)}{\alpha_b \times \Delta t_H} \quad (1.1)$$

мұндағы, $t_b = 25^\circ\text{C}$ – ішкі ауаның есептік температурасы [5];

$t_H = 30^\circ\text{C}$ - сыртқы қабырғаның ең суық бес күндіктің ауа температурасы (қамтамасыз-дандырылған 0,92) - [3];

$n=1$ – конструкцияның сыртқы бетінің ауаға қатысты позициясы коэффициенті [4];

$\Delta t_H = 4^\circ\text{C}$ - жабын конструкциясының ішкі ауасы және ішкі бет температурасының стандартты айырмашылығы [4];

$\alpha_b = 8,7 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}$ - қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу беру. коэффициенті [4];

$$R_0^{\text{mp}} = \frac{1 \times (25 - (-30))}{8,7 \times 4} = 1,58 \frac{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}.$$

Жылыту кезеңінің дәрежесі [4]:

$$\text{ЖКД} = (t_b - t_{\text{п}}^{\text{opt}}) \times z_{\text{от}} \quad (1.2)$$

мұндағы, $t_b = 25^\circ\text{C}$ – 1.1-формула бойынша [5];

$t_{\text{п}}^{\text{opt}} = -2,3^\circ\text{C}$ - жылыту кезеңінің орташа температурасы - [4];

$z_{\text{от}} = 181$ тәулік - жылыту кезеңінің ұзақтығы – [4].

ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 «Құрылыс жылутехникасы», 1-кесте арқылы жылуға төзімділіктің ең төменгі деңгейін табамыз:

$$R_0^{\text{np}} = 3.5 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}},$$

$$R_0^{\text{np}} = 3.5 > R_0^{\text{mp}} = 1.58.$$

Барлық конструкциялық қабаттардың (жылыту қабатынан бөлек) термиялық қосындысы [4]:

$$\sum R_i = \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \dots + \frac{\delta_i}{\lambda_i} \quad (1.3)$$

мұндағы, δ – қабат қалыңдығы;

λ – жылу өткізгіш коэффициенті.

$$\sum R_i = \frac{0.03}{1.2} + \frac{0.27}{0.29} + \frac{0.05}{1.2} + \frac{0.04}{0.7} = 0.025 + 0.93 + 0.04 + 0.06 = 1.05 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Жылытқыш қабаттың қалыңдығы:

$$\delta_{\text{ут}} = \lambda_{\text{ут}} \times \left(R_0 - \frac{1}{\alpha_b} - \sum R_i - \frac{1}{\alpha_H} \right) \quad (1.4)$$

мұндағы, $\alpha_H = 23 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}$ - қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті - [4].

$$\delta_{\text{ут}} = 1.2 \times \left(3.5 - \frac{1}{8.7} - 1.05 - \frac{1}{23} \right) = 2.75 \text{ м.}$$

Жылытқыш қабаттың термиялық кедергісі [4]:

$$\begin{aligned} -R_{\text{ут}} &= \frac{\delta_{\text{ут}}}{\lambda_{\text{ут}}} \\ -R_{\text{ут}} &= \frac{2.75}{1.2} = 2.29 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}. \end{aligned} \quad (1.5)$$

Көп қабатты конструкцияның жылуөткізгіштік кедергісін төмендегі формула [4] бойынша анықтаймыз:


$$R_0 = \frac{1}{\alpha_b} + R_{yt} + \sum R_i + \frac{1}{\alpha_H} \quad (1.6)$$

$$R_0 = \frac{1}{8.7} + 2.01 + 1.05 + \frac{1}{23} = 3.21 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Төмендегі шарт бойынша, $R_0 = 3.21 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}} \geq R_0^{\text{пр}} = 1.58 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$ жылытқыш қабаты дұрыс қабылданған.

Кесте 1.4 – Жабын конструкциясының қабат сипаттамалары

Сыртқы қабырға қабаттарының атауы	Тығыздығы $\gamma, \left[\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}\right]$	Қабат қалыңдығы $\delta, [\text{м}]$	Жылу өткізгіш коэффициенті $\lambda, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м} \times ^\circ\text{C}}\right]$	Жылу сіңіру коэффициенті $s, \left[\frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \times ^\circ\text{C}}\right]$
Линолеум	200	0,01	0,2	0,72
Цементті стяжка	1500	0,01	0,76	9,2
Ұяшықты бетон	600	0,18	0,14	3.36
Бу оқшаулағыш	1500	0,02	0,052	0,89



Сурет - 2. Жабын конструкциясының қабаттары.

Жылыту кезеңінің дәрежесі, (1.2) бойынша:

$$\text{ЖКД} = (25 - (-2,3) \times 181) = 4941,3.$$

ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 «Құрылыс жылутехникасы», 1-кесте арқылы жылуға төзімділіктің ең төменгі деңгейін табамыз:

$$R_0^{\text{пр}} = 4.6 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}.$$

Барлық конструкциялық қабаттардың (жылыту қабатынан бөлек) термиялық қосындысы (1.3) бойынша анықтаймыз:

$$R_i = \left[4.6 - \left(\frac{1}{8.7} + \frac{0.01}{0.76} + \frac{0.265}{0.14} + \frac{1}{12} \right) \times 0.052 \right] = 0.13$$

Буоқшаулағыштың стандартты қалыңдығы: $\delta_2 = 0.1$ м.

Жылу берілетін қабырғаның белгіленген конструкциясының кедергісі (1.6) бойынша анықталынады:

$$R_0 = \frac{1}{8.7} + \frac{0.01}{0.76} + \frac{0.265}{0.14} + \frac{1}{12} = 5.16 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

Жабынның белгіленген жарамдылығын тексереміз:

$$R_0^{\text{пр}} = 4.6 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}} < R_0 = 5.16 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

2 Есептік конструктивтік шешімдер

2.1. Есептік схема және жүктемелер

Жабындар ғимараттың кеңістік қаттылығын қамтамасыз етуде зор рөл атқарады, яғни барлық мүмкін күштер ықпалынан болатын конструктивтік желінің тұрақсыздығын болдырмайды.

Жоба бойынша тұтас құймалы темірбетонға тағайындалған материалдар төмендегідей сипаттамаларға ие болады:

- Ауыр бетон кластары – В25, В30;
- Арматура класы – А-500 (АІІ эквиваленті).

Элементтер қимасы:

- Ұстын – 40×40 см;
- Арқалық - 30×40 см;
- Тұтас құймалы жабын және аражабын қалыңдығы – 220 мм.

Кесте 2.1 – Конструкцияларға түсетін жүктемелерді жинақтау

№	Қабат және жүктеме түрінің атауы	Өлш. бірл.	Жүктеме нормативтік мәні	Жүктеме сенімділік коэфф., γ_f	Жүктеме есептік мәні
Жабынға түсетін жүктеме					
Тұрақты жүктеме					
1	Черепица, $\delta = 7 \text{ мм}, \rho = 7850 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	54,95	1,05	57,7
2	Итарқа, $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 600 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	120	1,1	132
3	М150 маркалы цементті стяжка, $\delta = 20 \text{ мм}, \rho = 1500 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	30	1,2	36
	Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	204,95		225,7
Жоспар бойынша аражабынға түсетін жүктеме І типі					
Тұрақты жүктеме					
1	Линолеум, $\delta = 10 \text{ мм}, \rho = 1600 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	16	1,2	19,2
2	Арнайы желім, $\delta = 1 \text{ мм}, \rho = 2100 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	2,1	1,3	2,73
3	Цементті стяжка, $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 1900 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	95	1,3	123,5
4	Бетонды төсеніш қабаты, $\delta = 59 \text{ мм}, \rho = 2300 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	135,7	1,3	176,41

	Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	570,64		321,84
Уақытша жүктеме					
	Ұзақ мерзімді	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	30	1,3	39
	Қысқа мерзімді	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	150	1,3	195
Жоспар бойынша аражабынға түсетін жүктеме II типі					
Тұрақты жүктеме					
1	Керамикалық плита, $\delta = 10 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	18	1,1	19,8
2	Цементті стяжка, $\delta = 60 \text{ мм}, \rho = 1900 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	47,5	1,3	61,75
3	Керамзит, $\delta = 40 \text{ мм}, \rho = 700 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	22,4	1,3	29,12
	Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	87,9		110,67
Уақытша жүктеме					
	Ұзақ мерзімді	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	100	1,3	130
	Қысқа мерзімді	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	200	1,2	240
Баспалдаққа түсетін жүктеме					
Тұрақты жүктеме					
1	Фактурланған (сырғанауға қарсы) керамогранит, $\delta = 30 \text{ мм}, \rho = 1800 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	54	1,2	64,8
2	Желім, $\delta = 5 \text{ мм}, \rho = 2100 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	10,5	1,3	13,65
3	M150 маркалы цементті стяжка, $\delta = 65 \text{ мм}, \rho = 1900 \text{ кг/м}^3$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	123,5	1,3	160,5
	Барлығы (аражабынсыз):	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$			239
Уақытша жүктеме					
	Ұзақ мерзімді	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	100	1,3	130
	Қысқа мерзімді	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	300	1,2	360
Сыртқы көтергіш конструкция					
Тұрақты жүктеме					
1	Дек-ті ц-ті құм, $\delta = 30 \text{ мм}, h = 3,9 \text{ м.}$	$\frac{\text{КГ}}{\text{М}^2}$	61,02	1,3	79,326

2	Газобетон, $\delta = 200 \text{ мм}, \rho = 1000 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 3,9 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	23,9	1,2	244,7
3	Жылытқыш, $\delta = 50 \text{ мм}, \rho = 200 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 3,9 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	39	1,2	46,8
4	Штукатурка, $\delta = 20 \text{ мм}, \rho = 1800 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 3,9 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	140,4	1,3	182,52
	Барлығы (1 м ұзындыққа):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$			553,34
Ішкі көтергіш конструкция					
Тұрақты жүктеме					
1	Кірпіштік қалау, $\delta = 120 \text{ мм}, \rho = 600 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 3,9 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	280,8	1,2	336,96
2	Екі жақты әрлеу В12.5, $\delta = 40 \text{ мм}, \rho = 1800 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$ $h = 3,9 \text{ м.}$	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$	280,8	1,3	365,04
	Барлығы (1 м ұзындыққа):	$\frac{\text{кг}}{\text{м}^2}$			702

Ескерту! Жүктемелерді жинақтау үшін ҚР ҚНЖЕ 2.01.07-1985 «Жүктемелер мен әсерлер» (2-6-кестелер), ҚР ҚНЖЕ 2.04.03-2002 «Құрылыс жылу техникасы» (1* қосымша) пайдаланылды.

Қар жүктемесінің жабынға түсіретін есептік мәні [7]:

$$p = s \times n \quad (2.1)$$

мұндағы, $s = s_g \times \mu = 80 \times 0.8 = 64 \text{ кгс/м}^2$ – қар жүктемесінің жабынға түсіретін нормативтік мәні [8];

$s_g = 80 \text{ кгс/м}^2$ – қар төсемінің 1 м^2 горизонталь жерге түскен есептік салмағының мәні [8];

$\mu = 0,8$ – жерге түсетін қар жүктемесінің салмағынан қар төсемінің көшу коэффициенті [8];

$n = 1.4$ – шамадан тыс жүктеме коэффициенті [7].

$$p = s \times n = 64 * 1,4 = 89,6 \text{ кг/м}^2.$$

Жел жүктемесінің мәнін келесі формула арқылы таба аламыз [8]:

$$\omega_m = \omega_0 \times k \times c \quad (2.2)$$

мұндағы, $\omega_0 = 0.77$ кПа – жел қысымының нормативтік мәні [1];
 $k = 0.74$ – жел қысымының биіктік бойынша өзгеріс
 коэффициенті [8]

Жел үстінде $c = c_e = 0.8$ [7]:

$$\omega_m = 0.77 \times 0.74 \times 0.8 = 0.45 \text{ кПа}$$

Жел астында $c = c_e = 0.6$ [7]:

$$\omega_m = 0.77 \times 0.74 \times 0.6 = 0.34 \text{ кПа}$$

Белгілі бір биіктіктегі жел жүктемесінің нормативтік мәні [8]:

$$\omega = \omega_m \times z \quad (2.3)$$

мұндағы, $\omega_m = 0.45$ кПа – жел жүктемесінің мәні, 2.2 –формула бойынша;
 $z = 14.5$ м – ғимарат биіктігі.

Жел үстінде:

Нормативтік:

$$\omega = 0.45 \times 14.5 = 6.52$$

Есептік:

$$\omega = 0.45 \times 1.2 \times 14.5 = 7.84$$

Жел астында:

Нормативтік:

$$\omega = 0.34 \times 14.5 = 4.95$$

Есептік:

$$\omega = 0.34 \times 1.2 \times 14.5 = 5.94.$$

Жертөле қабырғасына топырақтан түсетін қысым жүктемесін анықтамас бұрын, алдымен топырақтың көлденең құрамдас коэффициентін анықтаймыз:

$$\lambda = tg^2(45 - \frac{\varphi}{2}) \quad (2.4)$$

мұндағы, $\varphi = 30^\circ$ С - ішкі үйкеліс бұрышы.

$$\lambda = tg^2\left(45 - \frac{30}{2}\right) = \frac{1 - \cos 60}{1 + \cos 60} = 0.33^\circ\text{С}.$$

Топырақтың көлденең қысымының қарқындылығы төмендегі формула бойынша табылады:

$$G_{\text{көлд}} = p_{bf} \times d \times \lambda \quad (2.5)$$

мұндағы, $p_{bf} = 1.8 \frac{\text{Т}}{\text{м}^3}$ – қайта көму коэффициенті;
 $d = 3.1 \text{ м}$ – жертөле тереңдігі.

$$G_{\text{көлд}} = 1.8 \times 3.1 \times 0.33 = 1.84 \text{ Па.}$$

Уақытша жүктеменің топырақтан түсетін көлденең қысымының қарқындылығы:

$$G_1 = p_{bf} \times \gamma_f \times \lambda \quad (2.6)$$

мұндағы, $\gamma_f = 1.2$ – жүктеме бойынша сенімділік коэффициенті.
 $G_1 = 1.8 \times 1.2 \times 0.33 = 0.713 \text{ Па.}$

3.1 м тереңдіктегі топырақ қысымынан пайда болатын жиынтық жиынтық жүктемесі:

$$G_2 = (G_{\text{көлд}} + G_1) \times \gamma_f \quad (2.7)$$

$$G_2 = (1.84 + 0.713) \times 1.2 = 3.06 \text{ Па.}$$

2.2 Ұстын конструкциясының жобасы және есебі

Конструкцияның есебін шешу үшін «ЛИРА – САПР» 2013 бағдарламалық кешенінің есептеу нәтижелері бойынша 31157 нөмірлі элемент алынды (Б қосымшасын қараңыз).

Ұстын конструкциясы мен материалының сипаттамасы:

Ауыр бетон класы – В25 [9];

Арматура класы – А500;

Бетонның қарсыласу кедергісі - $R_b = 14,5 \cdot 1,0 = 14,5 \text{ МПа}$ [9] ($\gamma_{b_2} = 1$ – жұмыс шартының коэффициенті [9];

$R_s = 435 \text{ МПа}$;

$R_{sc} = 400 \text{ МПа}$;

$E_s = 2 \cdot 10^5 \text{ МПа}$;

Қорғау қабаты – $a = a' = 50 \text{ мм.}$

«ЛИРА-САПР» кешенді бағдарламасының ЕӨҮ кестесінен алынған мәліметтер бойынша $N_{\max} = 334.65$ кН (бойлық күш), $M_z = 34,584$ кН (иілу моменті) (В қосымшасын қараңыз).

$$A_s = A'_s$$

$h = 3.9$ м – қабат биіктігі.

Ұстын өлшемдері – 40×40 см.

Ені - $b = 30$ см.

Қима биіктігі – $h_0 = h - a = 40 - 5 = 35$ см

Созылмалы арматураның ортасынан өтетін өске қатысты момент мәнін табамыз:

Ұзақ жүктеме үшін:

$$M_{l1} = M_1 + N_1 \left(\frac{h}{2} - a \right) \quad (2.8)$$

$$M_{l1} = 17.1 + (308.5(0.2 - 0.04)) = 63.4 \text{ кНм}$$

Толық жүктеме үшін:

$$M_l = M + N \left(\frac{h}{2} - a \right) \quad (2.9)$$

$$M_l = 34.6 + 334.65 \times 0.15 = 84.7 \text{ кНм.}$$

Арматура ауданының ауырлық центріне түсетін күштің эксцентриситеті [10]:

$$e_0 = M/N \quad (2.10)$$

$$e_0 = 34.584 \times 10^3 / 334.65 \times 10^3 = 10.4 \text{ см.}$$

Кездейсоқ күш эксцентриситеті [9]:

$$e_0 = h/30 = 40/30 = 1,33 \text{ см.}$$

Инерция қимасының радиусы:

$$r = h^2/12 = 11.56 \text{ см,} \quad (2.11)$$

$$l_0/r = 390/11.56 = 33.7 \text{ см} \quad (2.12)$$

Деформацияланбаған сызба бойынша $l_0/r > 14$ болу керек [9]. Инерция қимасының мәні қанағаттандырылғандықтан, e_0 күш эксцентриситетіне байланысты иілу әсерін есептейтін η коэффициентін төмендегі формула (2.13) арқылы есептейміз [11]

$$\eta = 1 / (1 - N / N_{cr}) \quad (2.13)$$

$$\eta = 1 / (1 - 334.65 / 1418) = 1.31$$

мұндағы, N_{cr} - (2.14) формуласы арқылы анықталатын, шартты критикалық күш [11]

$$N_{cr} = 6.4 \times E_b \times J / l_0^2 \times \varphi_l - (0.11 / 0.1 + \delta_e + 0.1) = \quad (2.14)$$

мұндағы, φ_l – иілген элементтің шектік күйі кезінде ұзақ жүктемеге әсерін анықтайтын коэффициент (2.15) [9]:

$$\varphi_l = 1 + \beta \times M_{l1} / M_l = 1 + 1 \times 63.4 / 84.7 = 1.845 \quad (2.15)$$

β – бетон түріне байланысты таңдалатын коэффициент [9];

M_l , M_{l1} – сәйкесінше, (2.8) (2.9) бойынша.

$\delta_e - \delta_{e.min}$ – нан кем емес коэффициент [11]:

$$\delta_e = e_0 / h = 1.33 / 40 = 0.033 < \delta_{e.min}, \quad (2.16)$$

$$\delta_{e.min} = 0.5 - 0.01 l_0 / h - 0.01 R_b = 0.258 \quad (2.17)$$

$\delta_e = 0.258$ қабылдаймыз.

l_0 – сығылған бетон элементтерінің есептік ұзындығы $l_0 = h$ [11];

J – бетон қимасының инерция моменті, МПа:

$$J = b \times h^3 / 12 = 1.6 \times 10^5 \text{ МПа} \quad (2.18)$$

η коэффициенті арқылы әсер ететін N -нің e аралығын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$e = e_0 \eta + h / 2 - a = 10.4 \times 1.31 + 20 - 5 = 28.6 \text{ см}$$

Сығылған аймақтың шекаралық биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз [9]:

$$\xi_R = \frac{\omega}{\left[1 + \left(\frac{R_s}{\sigma_{scu}} \right) \left(1 - \frac{\omega}{1.1} \right) \right]} \quad (2.19)$$

$$\xi_R = \frac{0,734}{\left[1 + \left(\frac{435}{400}\right) \left(1 - \frac{0,734}{1,1}\right)\right]} = 1.07 \text{ см}$$

мұндағы, ω – бетонның сығылу сипатта-масы [9]:

$$\omega = \alpha - 0,008 \times R_b = 0,85 - 0,008 \cdot 0,9 \cdot 19,5 = 0,71 \quad (2.20)$$

мұндағы, α – бетонға байланысты таңдалатын коэффициент.

$\sigma_{scu} = 400$ МПа, бетон түріне байланысты $\gamma_{b2} = 1$ болған кездегі мәні [9].

$A_s = A'_s$ арматуралардың ауданын есептеу үшін сығылуға жұмыс жасайтын барлық темірбетон элементтері есептеу барысында ортадан тыс сығылған болып есептелінеді. Бойлық күштің тепе-теңдік теңдеуі [12]:

$$\alpha_n = N / R_b b h_0 > \xi_R \quad (2.21)$$

$$\alpha_n = 334.65 \times 10^3 / 14.5 \times 30 \times 35 = 1.64 > 1.07 \text{ см}$$

$$\alpha_s = \alpha_n \left(e / h_0 - 1 + \alpha_n / 2 \right) / 1 - \delta' \quad (2.22)$$

мұндағы, $\delta' = a' / h_0$

$$\alpha_s = 1.64 \left(28.6 / 35 - 1 + 1.64 / 2 \right) / 1 - 0.14 = 1.21 > 0.$$

$\alpha_s > 0$ демек, арматура ауданын [12] 18.4-формула бойынша формулаға салып табамыз:

$$A_s = A'_s = \frac{N}{R_s} \times \frac{e / h_0 - \xi \left(1 - \xi / 2 \right) \times \alpha_n}{1 - \delta'} \quad (2.23)$$

$$A_s = A'_s = \frac{334650}{435} \times \frac{28.6 / 35 - 4.53 \left(1 - 4.53 / 2 \right) \times 1.64}{1 - 0.14} = 7.68 \text{ см}^2$$

$$\xi = \frac{\alpha_n (1 - \xi_R) + 2 \alpha_r \xi_R}{1 - \xi_R + 2 \alpha} = \frac{1.64 (1 - 1.07) + 2 \times 1.01 \times 1.07}{1 - 1.07 + 2 \times 1.01} = 4.53 > \xi_R$$

Есептер бойынша, **4Ø16, $A_s = 8,04 \text{ см}^2$** қабылдаймыз.

Қамыттардың арматура класы – А240. Қамыт диаметрі, $d_w = 8$ мм. $l = 1.5 \times h = 1.5 \times 40 \text{ см} = 60 \text{ см}$, яғни, 600 мм жерде қамыт қадамы – $s = 100 \text{ мм}$ болса, 600 мм-ден басқа жерлерде $s = 200 \text{ мм}$ -ге тең.

2.3 Арқалық конструкциясының жобасы және есебі

Арқалық конструкциясының есеп шешімдерін «ЛИРА-САПР» бағдарламасына сүйеніп аламыз. Есептік әсерлер ретінде ЕӘҮ кестесіндегі максималды әсерлерді аламыз. Арқалықтың аралық контрукцияларын, қима сипаттамаларынғ беріктігін есептеуді жүргіземіз.

Арқалық ұзындығы – $l = 5400 \text{ мм}$

Арқалық қимасы - $b \times h = 30 \times 40 \text{ см}$

Оның есептік аралығы (ұстын шеттерінен):

$$l_0 = l - h = 5400 - 400 = 5000 \text{ мм.}$$

Ішкі күштердің есептік әсер үйлесімі (35102 элементте орналасқан арқалық статикалық есептері ЕӘҮ кестесінен алынды (Г-Д-қосымшаларын қараңыз) алынды):

Кесте 2.2 – Есептік әсерлер

Есептік әсерлері	Шеткі тірек	Ортаңғы тірек	Аралық
M [кНм]	- 66,29	40,04	112,49
Q [кНм]	63,85	-16,52	-

Материалдардың сипаттамалары:

Ауыр бетон класы – В25 [9];

Арматура класы – А500;

Бетонның қарсыласу кедергісі - $R_b = 14,5 \cdot 1,0 = 14,5 \text{ МПа}$ [9] ($\gamma_{b_2} = 1$ – жұмыс шартының коэффициенті [9];

Серпімділік модулі - $E_b = 27 \cdot 10^3 \text{ МПа}$ [9];

$R_s = 435 \text{ МПа}$;

$R_{sc} = 400 \text{ МПа}$;

$E_s = 2 \cdot 10^5 \text{ МПа}$.

Қорғау қабаты – $a = a' = 40 \text{ мм}$.

Ортаңғы аралықтағы қима:

Аралықтағы созылмалы көлденең арматура үшін [9]:

$$M = 112,5 \times 10^6 \text{ Нм}$$

$$\alpha_m = \frac{M}{R_b b h_0^2} \quad (2.24)$$

$$\alpha_m = \frac{112,5 \times 10^6}{14,5 \times 1 \times 300 \times 350^2} = 0,21$$

α_m арқылы $\xi = 0.24$, $\zeta = 0.88$ [9].

Сығылған аймақтың шекаралық биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз [9]:

$$\xi_R = \frac{\omega}{\left[1 + \left(\frac{R_s}{\sigma_{scu}}\right) \left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)\right]} = \frac{0,734}{\left[1 + \left(\frac{435}{400}\right) \left(1 - \frac{0,734}{1,1}\right)\right]} = 1.07 \text{ см}$$

мұндағы, ω – бетонның сығылу сипаттамасы:

$$\omega = \alpha - 0,008 \times R_b \times \gamma_{b_2} = 0,85 - 0,008 \cdot 1 \cdot 14,5 = 0,734$$

мұндағы, α – бетонға байланысты таңдалатын коэффициент.

$\sigma_{scu} = 400$ МПа, бетон түріне байланысты $\gamma_{b_2} = 1$ болған кездегі мәні [9].

$\xi_R > \xi$, шарт орындалады, сол себепті аралықтағы арматура ауданы келесі мәнге ие болады [9]:

$$A_s = \frac{M}{R_s h_0 \zeta} \quad (2.25)$$

$$A_s = \frac{M}{R_s h_0 \zeta} = \frac{112,5 \times 10^6}{435 \times 350 \times 0.88} = 8.39 \text{ см}^2$$

Есептер бойынша, **4Ø18, $A_s = 10,18 \text{ см}^2$** кабылдаймыз.

Шеткі тіректегі қима

Аралықтағы созылмалы көлденең арматура үшін:

$$M = 66,29 \times 10^6 \text{ Нм}$$

$$\alpha_m = \frac{M}{R_b b h_0^2} = \frac{66,29 \times 10^6}{14,5 \times 1 \times 300 \times 350^2} = 0,014$$

α_m арқылы $\xi = 0.15$, $\zeta = 0.925$

Сығылған аймақтың шекаралық биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$\xi_R = \frac{\omega}{\left[1 + \left(\frac{R_s}{\sigma_{scu}}\right)\left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)\right]} = \frac{0,734}{\left[1 + \left(\frac{435}{400}\right)\left(1 - \frac{0,734}{1,1}\right)\right]} = 1,07 \text{ см}$$

ω – (2.20) бойынша:

$$\omega = \alpha - 0,008 \times R_b \times \gamma_{b_2} = 0,85 - 0,008 \cdot 1 \cdot 14,5 = 0,734$$

$\xi_R = 1,07 > \xi = 0,15$, шарт орындалады, сол себепті аралықтағы арматура ауданы келесі мәнге ие болады:

$$A_s = \frac{M}{R_s h_0 \zeta} = \frac{66,295 \times 10^6}{435 \times 350 \times 0,925} = 5,03 \text{ см}^2$$

Есептер бойынша, **4Ø14, $A_s = 6,16 \text{ см}^2$** кабылдаймыз.

Ортаңғы тіректегі қима.

Аралықтағы созылмалы көлденең арматура үшін:

$$M = 40,04 \times 10^6 \text{ Нм}$$

$$\alpha_m = \frac{M}{R_b b h_0^2} = \frac{40,04 \times 10^6}{14,5 \times 1 \times 300 \times 350^2} = 0,083$$

α_m арқылы $\xi = 0,08$, $\zeta = 0,955$.

Сығылған аймақтың шекаралық биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз.

$$\xi_R = \frac{\omega}{\left[1 + \left(\frac{R_s}{\sigma_{scu}}\right)\left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)\right]} = \frac{0,734}{\left[1 + \left(\frac{435}{400}\right)\left(1 - \frac{0,734}{1,1}\right)\right]} = 1,07 \text{ см}$$

$\xi_R = 1,07 > \xi = 0,08$, шарт орындалады, сол себепті аралықтағы арматура ауданы келесі мәнге ие болады:

$$A_s = \frac{M}{R_s h_0 \zeta} = \frac{40,04 \times 10^6}{435 \times 350 \times 0,955} = 27,53 \text{ см}^2$$

Есептер бойынша, **4Ø32, $A_s = 32,17 \text{ см}^2$** кабылдаймыз.

2.4 Арқалықтың беріктікке есебі

Максималды көлденең күші – $Q_{\max} = 63,83 \text{ кН}$. Көлденең шыбықтардың диаметрі бойлық арматуралардың диаметрі - Ø32 мм арқылы [12] таңдалады.

Біздің кезегімізде ол диаметрі $d_{sw} = 8$ мм болатын, $A_s = 1,06 \text{ см}^2$ -ге тең арматура ауданына тең. $R_{sw} = 270 \text{ МПа}$ (А300)

Қаңқа саны 2-ге тең болғандықтан, $A_{sw} = 2 \times 1,06 = 2,12 \text{ см}^2$

Көлденең шыбықтардың құрылымдық шарты бойынша:

$$s = h/3 = 133.3 \text{ мм} \approx 150 \text{ мм.}$$

Тірек аймақтарына $s = 150$ мм, қалған аймақтарына $s = 200$ мм деп қабылдаймыз.

Қамыттардағы бір ұзындыққа түскен әсерді анықтаймыз [9]:

$$q_{sw} = R_{sw} \times A_{sw} / s \quad (2.26)$$

$$q_{sw} = 270 \times 2.12 \times 100 / 15 = 3815 \frac{\text{Н}}{\text{см}}$$

Қамыттарды есептеген кезде, [9] төмендегі шарт орындалу керек:

$$q_{sw} \geq Q_{bmin} / 2h_0 \quad (2.27)$$

мұндағы, Q_{bmin} – бетонмен қабылданатын көлденең күштің ең аз мәні [9]:

$$Q_{bmin} = \varphi_{b3} (1 + \varphi_f) \times R_{bt} \times b \times h_0 \quad (2.28)$$

мұндағы, $\varphi_{b3} = 0,6$, ауыр бетон үшін [9].

$R_{bt} = 1.05 \text{ МПа}$ - бетонның созылу кедергісі ($\gamma_{b2} = 1$) [9].

$$Q_{bmin} = 0,6 \times 1,05 \times 300 \times 350 = 66,150 \text{ кН}$$

$$q_{sw} = 38.15 \text{ кН/м} \geq 66,150 \times 10^3 / 2 \times 350,$$

шарт қанағаттандырады.

$$s_{max} = \frac{\varphi_{b3} \times R_{bt} \times b \times h_0^2}{Q} \quad (2.29)$$

$$s_{max} = \frac{0.6 \times 1.05 \times 30 \times 35^2 (100)}{63.83 \times 10^3} = 36.27 > s = 15 \text{ см.}$$

$M_b = 69.45 \text{ кНм}$

Біртекті таралған жүктеме [9]:

$$q_1 = g_{\text{тол}} + g_{\text{уақыт}}/2 \quad (2.30)$$

мұндағы, $g_{\text{тол}}$ – толық жүктеме, $g_{\text{тол}} = 5.16$ кН/м
 $g_{\text{уақыт}}$ – уақытша жүктеме, $g_{\text{уақыт}} = 0.64$ кН/м

$$q_1 < 0,56 \times q_{\text{sw}} \quad (2.31)$$

$$q_1 = 5,16 + 0,64/2 = 5.48 \frac{\text{кН}}{\text{м}} < 0,56 \times q_{\text{sw}} = 37,04 \text{ кН/м.}$$

Жоғарыдағы шарттың орындалуына байланысты, $c = \sqrt{M_g / (q_1 + q_{\text{sw}})}$ тең деп есептейміз. Мұндағы, c – бойлық өске түскен проекция қимасының ұзындығы [9].

$$c = \sqrt{69,45 \times 10^5 / 3815 + 5480} = 27,33 \text{ см} < 3,33h_0 = 116.5 \text{ см}$$

сонымен қатар, [9]:

$$Q_b = M_b / c > Q_{b\min} \quad (2.32)$$

$$Q_b = 69,45 \times 10^5 / 27,33 = 254,11 \text{ кНм} > Q_{b\min} = 66,150 \text{ кНм.}$$

Бұл шарттың орындалуы, сыртқы жүктемеден әсер алатын көлденең күш келесідей формулаға теңестіреді [9]:

$$Q = Q_{\max} - q_1 \times c \quad (2.33)$$

мұндағы, $Q_{\max}$ – тірек қимасындағы көлденең күш, (кесте 2.2) алынған.

$$Q = 63,83 \times 10^3 - 5.48 \times 27,33 = 63.68 \times 10^3 \text{ Н}$$

Проекцияның есептік көлденең қимасының ұзындығы [9]:

$$c_0 = \sqrt{M_g / q_{\text{sw}}} \quad (2.34)$$

$$c_0 = \sqrt{69.45 \times 10^5 / 38.15 \times 10^3} = 13,5 \text{ см} < 2h_0 = 70 \text{ см}$$

$c_0 < c$; $c_0 < 2h_0$; $c_0 \geq h_0$, егер $c > h_0$. Шарт орындалады.

Қамыттарға тұратын көлденең әсер ету күші [9, 54-формула]:

$$Q_{sw} = q_{sw} \times c_0 \quad (2.35)$$

$$Q_{sw} = 38,15 \times 10^3 \times 13,5 = 515.025 \text{ кН.}$$

Беріктік шарты [9]:

$Q = 63,68 \text{ кН} \leq Q_b + Q_{sw} = 66.150 + 515.025 = 581.75 \text{ кН}$, беріктік қамтамасыздандырылды.

Көлденең түскен сызаттар мен сығылған аймақтың арасындағы беріктік шартын тексеру үшін [9] қолданылады:

$$Q \leq 0.3 \times \varphi_{w1} \times \varphi_{b1} \times R_b \times b \times h_0 \quad (2.36)$$

мұндағы, $\varphi_{w1} = 1 + 5 \times \alpha \mu_w < 1.3$ – қамыттардың күшін көрсету коэффициенті.

$$\alpha = E_s / E_b = 2 \times 10^5 / 3 \times 10^4 = 0.06$$

$$\mu_w = A_{sw} / b \times s = 1.06 / 30 \times 15 = 0.002$$

$$\varphi_{w1} = 1 + 5 \times 0.06 \times 0.002 = 1.0006 < 1.3$$

φ_{b1} – төмендегі формула арқылы табуға болатын коэффициент:

$$\varphi_{b1} = 1 - \beta R_b$$

мұндағы, $\beta = 0.01$ – ауыр бетон үшін.

$$\varphi_{b1} = 1 - 0,01 \times 14,5 = 0,855$$

$$Q = 63,85 \times 10^3 \text{ Н} \leq 0.3 \times 1,0006 \times 0,855 \times 14,5 \times 30 \times 35(100) = 390755.5 \text{ Н}$$

Шарт орындалады.

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы

3.1 Ғимараттың жер асты бөлімін тұрғызу

Жер жұмыстары құрылыста үлкен роль атқарады, барлық құрылыс монтаждау жұмыстарынан 10% құнын және 20% еңбек шығынын құрайды. Қазіргі таңда үйлер мен ғимараттардың арнаулы жобамен жасауды көп қарастырады, олар жерасты паркингтер, астынғы жертөлелік өндірістік бөлмелер, төнелдер және т.б.

Бастапқы мәліметтер:

Ғимарат – үш қабатты аурухана

Іргетас табанының деңгейі – 4500 мм

Қазаншұңқыр табанының деңгейі – 4600 мм

Қазаншұңқырдың тереңдігі – 2880 мм

Топырақ түрі – құм

Топырақ тобы – 1

Топырақ тасымалдау арақашықтығы – 5 км

Ғимараттың өлшемдері – $a \times b = 19460 \times 20950$ мм

3.2 Ғимарат іргетасын есептеу

Кесте 3.1 – Іргетас өлшемдері

Элемент маркасы	Өлшемдері (мм)		
	l	b	h
ЛІ	153640	1000	400
ҚІ	153640	400	600

Бетон құю үшін алдымен қалыпты орнату процесін орындаймыз. Қалып және арматураның аудандары мен көлемін келесі формулалар арқылы табылады.

Ленталы іргетас үшін:

Ленталы іргетасқа кететін қалып ауданы:

$$S_{л.і.} = l_{л.і.} \times h_{л.і.} \quad (3.1)$$

Ленталы іргетастың арматурасын орнату және тоқу:

$$V_{л.і.} = a \times b \times c \times 0.08 \quad (3.2)$$

мұндағы, $0.08 - 1 \text{ м}^3$ – бетонға кететін арматура салмағы.
Ленталы іргетастың бетон төселетін жеріне бетон құю көлемі:

$$V_{\text{б.л.і.}} = a \times b \times c / 100 \quad (3.3)$$

Қабырғалы іргетас үшін:

$$S_{\text{қ.і.}} = l_{\text{қ.і.}} \times h_{\text{қш.}} \quad (3.4)$$

Қабырғалы іргетастың арматурасын орнату және тоқу:

$$V_{\text{л.і.}} = a \times b \times c \times 0.08 \quad (3.5)$$

Қабырғалы іргетастың бетон төселетін жеріне бетон құю көлемі:

$$V_{\text{б.л.і.}} = a \times b \times c / 100 \quad (3.6)$$

Кесте 3.2 – Іргетас көлемі

Бетон құю және қалып жұмыстары	Өлшем бірлігі	Көлемі
Іргетас қалыбын орнату	м^2	61.4
Іргетас қалыбын шешу	м^2	61.4
Іргетас арматурасын орнату және тоқу	т	4.91
Жертөле қабырғасының қалыбын орнату	м^2	92.2
Жертөле қабырғасының қалыбын шешу	м^2	92.2
Жертөле қабырғасының арматурасын орнату және тоқу	т	2.94
Ленталы іргетастың бетон төселетін жеріне бетон құю көлемі	100 м^3	0.614
Қабырғалы іргетастың бетон төселетін жеріне бетон құю көлемі	100 м^3	0.37
Ленталы іргетастың бетон төселетін жеріне бетон шешу	100 м^3	0.614
Қабырғалы іргетастың бетон төселетін жеріне бетон шешу	100 м^3	0.37

3.3 Жер жұмыстары

Қазанщұңқыр көлемін анықтау[16]:

$$V_{\text{к}} = H / 6 [(A+C)(B+D) + AB + CD] \quad (3.1)$$

мұндағы, A – қазаншұңқыр табаны бойынша ені:

$$A = b + 1 = 19.45 + 1 = 20.45 \text{ м}$$

B – қазаншұңқырдың табаны бойынша ұзындығы:

$$B = a + 1 = 20.95 + 1 = 21.95 \text{ м}$$

C – қазаншұңқыр үсті бойынша ені:

$$C = A + 2H \times m = 20.45 + 2 \times 2.88 \times 1 = 26.21 \text{ м}$$

D – қазаншұңқырдың төбесі бойынша ұзындығы:

$$D = B + 2H \times m = 22 + 2 \times 2.88 \times 1 = 27.76 \text{ м}$$

$$V_{\kappa} = 2.88/6 [(20.4 + 26.2)(22 + 27.7) + 447.8 + 26.2 \times 27.7] = 6418 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқыр табанын тегістейтін топырақ көлемі [16]:

$$V_{\kappa, \tau} = F_{\kappa} \times \Delta n \quad (3.2)$$

мұндағы, F_{κ} - қазаншұңқыр табаны бойынша ені:

$$F_{\kappa} = A \times B = 20.45 \times 22 = 450 \text{ м}^2$$

Δn – тегістейтін топырақ қалыңдығы;

$$\Delta n = 15 \text{ см} = 0.15 \text{ м}$$

$$V_{\kappa, \tau} = 450 \times 0.15 = 67.5 \text{ м}^3$$

Топырақты қайта көму көлемі [16]:

$$V_{\kappa\kappa} = (V_{\kappa} - V_{\text{ж}}) / \kappa_{\kappa\kappa} \quad (3.3)$$

мұндағы, $V_{\text{ж}}$ – қазаншұңқырдан алынатын топырақ көлемі:

$$V_{\text{ж}} = a \times 2b \times H_{\kappa} = 20.95 \times 2 \times 19.45 \times 2.88 = 2347 \text{ м}^3$$

$\kappa_{\kappa\kappa}$ – топырақтың қалдық қопсыту коэффициенті, құм үшін $\kappa_{\kappa\kappa} = 3\%$

$$V_{\kappa\kappa} = \frac{6417.71 - 2347}{0.03} = 3952 \text{ м}^3$$

Топырақты тығыздау ауданы [16]:

$$S_{\text{тығ}} = V_{\kappa\kappa} / 0.2 \quad (3.4)$$

$$S_{\text{тығ}} = 3952 / 0.2 = 19760 \text{ м}^2$$

Үйіндіге аударылатын топырақ көлемі:

$$\begin{aligned} V_{\text{үйінді}} &= V_{\text{қк}} \\ V_{\text{үйінді}} &= 3952 \text{ м}^3 \end{aligned} \quad (3.5)$$

Автокөліктерге аударылатын топырақ көлемі:

$$\begin{aligned} V_{\text{авт}} &= V_{\text{қ}} - V_{\text{қк}} \\ V_{\text{авт}} &= 6418 - 3952 = 2466 \text{ м}^3 \end{aligned} \quad (3.6)$$

Тегістейтін қабат көлемін анықтау:

$$V_{\text{тегіс}} = h_0 \times b_0 \times P_{\text{ғим}} \quad (3.7)$$

мұндағы, h_0 – тегістейтін топырақ қалыңдығы, $h_0 = 0,1 \text{ м}$

b_0 – тегістейтін топырақ ені:

$$b_0 = b_{\text{лі}} + 2 \times 0,2 = 1 + 2 \times 0,2 = 1,4 \text{ м}$$

$P_{\text{ғим}}$ – ғимарат периметрі:

$$P_{\text{ғим}} = 2a + 2b = 2 \times 19,45 + 2 \times 20,95 = 80,8 \text{ м}$$

$$V_{\text{тегіс}} = 0,1 \times 1,4 \times 80,8 = 45,2 \text{ м}^3$$

Өсімдік қабатын кесу:

$$V_{\text{кесу}} = a \times 2b / 1000 \quad (3.8)$$

$$V_{\text{кесу}} = 20,95 \times 2 \times 19,45 / 1000 = 0,40 \text{ м}^2$$

Қазаншұңқыр табанындағы топырақты бульдозермен тегістеу:

$$V_{\text{тегістеу}} = V_{\text{қт}} / 100 \quad (3.9)$$

$$V_{\text{тегістеу}} = 132 / 100 = 1,32 \text{ м}^3$$

3.4 Жер жұмыстарын жүргізу үшін машиналар жиынтығын таңдау

Экскаватор – құрылыстағы ең негізгі машиналардың бірі. Құм үшін бір ожаулы, тік күректі экскаватор таңдалады.

Қазаншұңқыр көлемі арқылы экскаватордың ожау сыйымдылығын анықтаймыз [16]:

Кесте 3.3 – Экскаватор ожау сыйымдылығы

Экскаватордың жұмысы	Қазаншұңқыр көлемі (м³)	Ожау сыйымдылығы (м³)
Кері күректі	1500÷5000	0,5
	2000÷8000	0,65

$$V_k = 6418 \text{ м}^3 \text{ демек, } V_{\text{ожау}} = 0,65 \text{ м}^3$$

1. Механикалық жетек үшін ЭО-4121А маркалы экскаватор:

$$V_{\text{ожау}} = 0,65 \text{ м}^3$$

2. Гидравликалық жетек үшін ЕТ-14 маркалы экскаватор:

$$V_{\text{ожау}} = 0,65 \text{ м}^3$$

Ожау сыйымдылығы бойынша таңдалған екі экскаватордың әрқайсысының экономикалық жақтарын салыстырамыз. Бұл бізге тиімді экскаватор таңдауға көмектеседі.

Экскаватордың жұмыс істеу ауысымдар саны:

$$\sum n_{\text{маш.ауысым}} = \left[\frac{V_{\text{үйінді}}}{100} \times N_2 + \frac{V_{\text{авт}}}{100} \times N_1 \right] / 8.2 \quad (3.16)$$

мұндағы, N_1 – топырақты автосамосвалдарға аударғандағы экскаватордың уақыт мөлшері;

N_2 – топырақты үйіндіге аударғандағы экскаватордың уақыт мөлшері;

Кесте 3.4 – БНЖБ бойынша жетектер уақыт мөлшері

Механикалық жетекті ЭО-4112А	Гидравликалық жетекті ЕТ-14
2.6 $N_1 = (2.6)$ 2.76	2.1 $N_1 = (2.1)$ 2.23
2.1 $N_2 = (2.1)$ 2.23	1.8 $N_2 = (1.8)$ 1.91

Ескерту! 3.3-кестедегі мәліметтер БНЖБ 2 1-7-кестелерден алынды [19].

Экскаватордың жұмыс істеу өнімділігі:

$$\sum P_{\text{ауысым.өнім.}} = V_k / \sum n_{\text{маш.ауысым}} \quad (3.17)$$

Механикалық жетекті ЭО-4121А экскаваторының жұмыс істеу ауысым саны:

$$\sum n_{\text{маш.ауысым}} = \left[3952/100 \times 2.23 + 2466/100 \times 2.76 \right] / 8.2 = 19.05$$

ЭО-4121А экскаваторының бір ауысымдағы жұмыс істеу өнімділігі:

$$\sum P_{\text{ауысым.өнім.}} = 6418/19.05 = 336.9$$

Гидравликалық жетекті ЕТ-14 экскаваторының жұмыс істеу ауысым саны:

$$\sum n_{\text{маш.ауысым}} = \left[3952/100 \times 1.91 + 2466/100 \times 2.23 \right] / 8.2 \approx 16$$

ЕТ-14 экскаваторының бір ауысымдағы жұмыс істеу өнімділігі:

$$\sum P_{\text{ауысым.өнім.}} = 6418/16 = 401.13$$

1м³ топырақты экскаватормен өңдеу бағасы:

$$\sum C = 1.08 \times C_{\text{маш.ауысым}} / P_{\text{ауысым.өнім.}} \quad (3.18)$$

ЭО-4121А экскаваторымен 1м³ топырақты өңдеу бағасы:

$$\sum C = 1.08 \times 28.78 / 336.9 = 0.092$$

ЕТ-14 экскаваторымен 1м³ топырақты өңдеу бағасы:

$$\sum C = 1.08 \times 33.62 / 401.13 = 0.0904$$

Техника экономикалық жақтарын салыстыру нәтижесінде экскаватордың келесі маркасы тиімді болып шықты.



Сурет 3 - ЕТ-14 экскаваторы.

Өсімдік қабатты кесу, топырақты тегістеу және топырақты қайта көму үшін экскаватормен бірге келесі механизмдерді қабылдаймыз:



Сурет 4 – Т-170 бульдозері
Топырақты тығыздау үшін қолданамыз өздігінен жүретін каток.



Сурет 4 – Грунтты Амкадор маркалы катогы

Қазанщұңқыр қазу бойынша топырақты тасымалдау, жүк көтергіш машиналарды таңдау.

Экскаватормен өңделген топырақты автосамосвалдармен шығарып тасымалдаймыз. Топырақты тасымалдау қашықтығына байланысты 5 км және экскаватордың ожау сыйымдылығына байланысты $V_{\text{ожау}} = 0,65 \text{ м}^3$.

Автосамосвалдардың келесі жүк көтеру параметрін таңдаймыз:

$$m_a = 13 \text{ т}$$

Анықталған жүк көтергіш бойынша автосамосвалдардың келесі маркасын таңдаймыз:

КамАЗ-6520 самосвалы – Кама автомобиль зауытындағы ең негізгі автосамовалдардың бірі. 10-13 тоннаны көтеретін бұл көлік жолдарда, ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік жүктерді тасымалдауға арналған.



Сурет 5 – КамАЗ-55111 маркалы автосамосвал.

Есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз. Экскаватор ожауындағы топырақ көлемі:

$$V_{\text{топ}} = V_{\text{ожау}} \times K_{\text{толт}} / K_{\text{қопсыту}} \quad (3.19)$$

мұндағы, $K_{\text{толт}}$ – топырақты толтыру коэффициенті, құм үшін $K_{\text{толт}} = 1$;
 $K_{\text{қопсыту}}$ – топырақты қопсыту коэффициенті, құм үшін $K_{\text{қопсыту}} = 12\%$.

$$V_{\text{топ}} = 0.65 \times 1 / 0.12 = 5.42 \text{ м}^3$$

Экскаватор ожауындағы топырақтың салмағы:

$$Q = V_{\text{топ}} \times \rho \quad (3.20)$$

мұндағы, $\rho = 1.6 \text{ т/м}^3$ – құмды топырақ тығыздығы.

$$Q = 5.42 \times 1.6 = 8.67 \text{ м}^3.$$

Автосамосвалдарға аударылатын ожау саны:

$$N = m_a / Q \quad (3.21)$$

$$N = 13 / 8.67 = 1.5$$

Автосамосвалдарға аударылған топырақ көлемі:

$$V = V_{\text{топ}} \times N \quad (3.22)$$

$$V = 5.42 \times 1.5 = 8.13 \text{ м}^3$$

Экскаватормен топырақты автосамосвалдарға аударатын уақыты:

$$t_n = V \times H_{\text{вр}} \times 60 / 100 \quad (3.23)$$

мұндағы, $H_{\text{вр}} = N_1 = 2.23 \text{ мин}$ – көлікке аударатын уақыт.

$$t_n = 8.13 \times 2.23 \times 60 / 100 = 10.87 \text{ мин}$$

Автосамосвалдардың 1 циклде жұмыс істеу уақыты [16]:

$$T_{\text{ц}} = t_n + 60 \times L / v_{\text{ж.к.}} + t_p + 60 \times L / v_{\text{б.к.}} + t_m \quad (3.24)$$

мұндағы, L – топырақты тасымалдау арақашықтығы, $L = 5$ км
 $v_{\text{ж.к.}}$ = 45 км/сағ – автосамосвал жүктелген күйдегі жылдамдығы;
 $v_{\text{б.к.}}$ = 65 км/сағ – автосамосвал бос күйіндегі жылдамдығы;
 t_p – жүк түсіру уақыты, $t_p = 1$ мин
 t_m – қосымша операцияларға арналған уақыт, $t_m = 2$ мин

